

**«БЕКІТЕМІН»**

Нұр-Мұбәрак Египет ислам  
мәдениеті университетінің  
ректоры доктор, профессор  
М.әл-Жинди *L.M.Algondi*  
«28» 18 2019 ж.



**САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ**

**САПА САЯСАТЫ**

*Hyp-Mubarak ЕИМУ -001-7-2019*

Қызмет бабында пайдалану үшін

**Алматы**

<b>Нұр-Мұбәрак Египет ислам мәдениеті университеті</b>		<b>НҚЖ- Нұр-Мұбәрак</b>
<b>СМЖБ</b>	<b>НҚЖ</b>	<b>ЕИМУ -001-7-2019</b>
<b>Сапа саясаты</b>		<b>6 беттің 2 беті</b>

### **Университет миссиясы**

Жоғары білікті, бәсекеге қабілетті мамандар дайындау, гуманитарлық және педагогикалық бағытта білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру, қоғамның ғылыми және діни-рухани әлеуетін көтеру.

### **Университеттің мақсаты**

Университет мақсаты – ұлттық және халықаралық еңбек нарықтарында бәсекеге қабілетті және сұранысқа ие дін және тіл мамандарын қалыптастыру, білім беру және ғылымды дамыту арқылы елімізде және Орта Азияда діни тұрақтылық пен діннің дүрыс бағытта дамуына үлес қосу және қоғамның дамуында сапалы жаңа нәтижеге қол жеткізу.

### **Университеттің міндеттері**

- Исламтану, теология, дінтану, екі шет тілі мамандығы бойынша мемлекеттік мекемелерге, ғылыми-зерттеу орталықтарына, БАҚ және ҚМДБ құрылымдарына, мешіттерге, отандық діни оқу орындарына қажетті мамандар әзірлеу;
- Исламтану, дінтану, теология және екі шет тілі бойынша жаңа білім бағдарламаларын құрастырып, аталған мамандықтар бойынша университеттерге, институттарға, колледждерге, медреселерге, Құран оқыту курстарына және т.б. оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеу;
- Дін саласында қолданбалы және іргелі ғылыми зерттеулерді жүргізу;
- Еліміздегі дін білім мен ғылым бойынша жұмыстар жүргізіп жатқан оқу орындары және орталықтармен тығыз байланыс орнату;
- Шетелдік оқу орындарымен, ғылыми-зерттеу орталықтарымен байланыс және әріптестік қарым-қатынас орнату, шетелдік университеттермен әріптестік қарым-қатынаста әр түрлі мамандықтар бойынша жаңа бағдарламаларды әзірлеу, шетелдік әріптес оқу орындарын көбейту;
- Ғылыми-педагогикалық қызметкерлер мен студенттердің академиялық ұтқырлық аясында Отандық және шетелдік жоғары оқу орындарында білім алушын және ғылыми зерттеу жұмысын жүргізуін жүзеге асыру;
- Ғылыми жұмыстардың орындалуын ұйымдастыру, соның ішінде, отандық мұсылман ғұламалардың діни, ғылыми мұраларын жандандыру, олардың еңбектерін талдау;
- Діни мекемелерде қызмет атқарып жүрген мамандарды қайта даярлау және олардың біліктілігін жоғарылатуға көмектесу;
- Діни білімі бар мамандарға деген сұранысты зерттеу және университет тұлектеріне жұмысқа орналасуға қолдау көрсету;

<b>Нұр-Мұбәрак Египет ислам мәдениеті университеті</b>		<b>НҚЖ- Нұр-Мұбәрак</b>
<b>СМЖБ</b>	<b>НҚЖ</b>	<b>ЕИМУ -001-7-2019</b>
<b>Сапа саясаты</b>		<b>6 беттің 3 беті</b>

- Өзінің оқыту-педагогикалық және ғылыми қызметінің бағыты бойынша семинарларды, симпозиумдарды және конференцияларды үйімдастыру;
- Халықаралық конгресстерге, съездерге, конференциялар мен симпозиумдарға қатысу;
- Ислам діні негіздерін оқыту бағыттары бойынша шетелдік оқу орындарының тәжірибесін жан-жақты зерттеу;
- Студенттерді Отан сүйгіштік, ұлт жандылық және казак халқының салт-дәстүрін қастерлеу сезімде тәрбиелеу;
- Студенттерді шығармашылық қызметке жұмылдыру.
- Оқыту бағдарламаларын жетілдіру арқылы университеттің бәсекелесуге қабілеттілігін арттыру;
- Оқытуудың әр түрлі формалары бойынша мамандар даярлауды және қайта даярлауды үйімдастыру (соның ішінде қыскартылған оқыту бағдарламалары бойынша, екінші жоғары білім);
- Ислам қағидаларына байланысты барлық өзекті мәселелерге жауап беретін беделді саты ретінде университеттің ұстанымын бекіту;
- Университеттің кіріс көлемін ұлғайту мақсатында қаржы-экономикалық қызметті дамыту және оның ЖОО-ң нәтижелі дамуының негізі ретінде тиімді пайдалануын арттыру;
- Жастардың оқу, жатақханада тұру, олардың бос уақыт және денсаулық шарттарын жақсарту;
- Университеттің қарамағында құрылған «Экстремизмнің алдын алу саласындағы мамандарды қайта даярлау» институтының Қазақстан және Орта Азия халықтарының арасындағы діни тұрақтылықты қалыптастыру және діни терроризм мен экстремизмнің алдын алу жолындағы жұмысын жетілдіру:
- Университеттің қарамағында ашылған «Ислам экономикасы мен банкі» орталығының жұмысын жетілдіріп, оның Қазақстан қоғамының экономикалық тұргыдан жетілуіне үлесін қосу жолында жұмыстар атқаруын қамтамасыз ету;
- Исламтану білім беру бағдарламасы бойынша ағылшын тілінде оқытын топтарды ашу;
- «Дін әдебиеттерді дайындау және аударма» орталығын ашу